

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 тамыздағы N 932 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 қазандағы N 1016 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 860 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 860 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының радиожилік спектрін пайдаланудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 тамыздағы N 932 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 23, 311-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) Радиожилік спектрін пайдалана отырып, байланыс саласындағы қызметтерді көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін төленетін бір жолғы төлем мөлшерін белгілеу ережесі";

көрсетілген қаулы осы қаулының қосымшасына сәйкес Радиожилік спектрін пайдалана отырып, байланыс саласындағы қызметтерді көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін төленетін бір жолғы төлем мөлшерін белгілеу ережесімен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 1 қазандағы
N 1016 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 21 шілдедегі
N 932 қаулысымен
бекітілген

Радиожиілік спектрін пайдалана отырып, байланыс саласындағы қызметтерді көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін төленетін бір жолғы төлем мөлшерін белгілеу ережесі

1. Радиожиілік спектрін пайдалана отырып, байланыс саласындағы қызметтерді көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғаны үшін бір жолғы төлем (бұдан әрі - бір жолғы төлем) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес байланыс саласындағы уәкілетті орган өткізетін конкурс (аукцион) қорытындылары бойынша анықталады.

2. Радиожиілік спектрінің номиналдары (белдеулері, диапазондары) (бұдан әрі - радиожиілік спектрінің номиналдары) үшін бастапқы бағаны конкурс (аукцион) өткізу жөніндегі комиссия анықтайды, бірақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін радиобайланыстың тиісті түрінің радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін төленетін төлемнің жылдық ставкасынан кем болмауы керек.

3. Конкурс өткізілетін жағдайда бір жолғы төлем бастапқы бағаны құрайды.

4. Аукцион өткізілген кезде бір жолғы төлемнің мөлшері байланыс саласындағы уәкілетті орган бөлген, радиожиілік спектрінің номиналдарына катысушы ұсынған неғұрлым жоғары баға негізінде анықталады.

5. Бір жолғы төлемді конкурс (аукцион) жеңімпазы қорытынды шешім шығарылғаннан кейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей салық төлеушінің тіркеу есебінің орны бойынша мемлекеттік бюджетке төлейді.